

Архив

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 12 сәуір 1994 ж. N 1650. Өкімнің күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.06.15. N 52 өкімімен. ~N990052

Ескерту. Өкім күшін жойды - ҚР Президентінің 1999.06.15. N 52 өкімімен.

N990052_

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы, 1994 жылғы 12 сәуір

N 1650

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1994 ж. 12 сәуірдегі

N 1650 өкімімен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві туралы

Ереже

1. Қазақстан Республикасы қазіргі тарихының орталық мемлекеттік архиві (Қазақстан Республикасының ҚТОМА) негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 14 қаңтардағы N 1502 Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (бұдан былай Архив) орталық мемлекеттік архивтің функциясын орындайтын, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылады. <*>

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.

22. N 2716 өкімімен. N952716_

2. Архив өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының нұсқауларын, Қазақстан Республикасы Архивтер мен құжаттама бас басқармасының архивтану, құжаттаматану және археография жөніндегі ұсынымдарын, осы Ережені басшылыққа алады.

Архив қорларын түзу мен құжаттарды пайдалану мәселелері Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесі меңгерушісінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Жалпы бөлімі меңгерушісінің құзіретіне жатады. <*>

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.22. N 2716 өкімімен.

3. Архив Ұлттық архив қорының құрамына кіретін Қазақстан Республикасы Президентінің, Президент Әкімшілігі мен мемлекет басшысының жанынан құрылған басқа органдар мен ұйымдардың қызметі туралы құжаттардың: мәтіндік, дыбысбейне және баспа басылымдарының сондай-ақ Қазақстан Республикасының бұрынғы ҚТОМА-сы қорларындағы құжаттардың тұрақты мемлекеттік сақталуын жүзеге асырады. <*>

Ескерту. 1-тармақтан сөздер алынып тасталған - Қ.Р.

Президентінің 30 қарашадағы 1994 ж. N 1965 N941965_ өкімімен.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қ.Р.Президентінің 1995.12.22. N 2716 өкімімен.

4. Архивтің міндеттері:

Қазақстан Республикасы Президентінің, Президент пен Әкімшілігінің және басқа қор құраушылардың - жинақтау көздерінің құжаттарымен Архивті жасақтау, олардың құжаттамасын басқаруға қатысу; <*>

Ұлттық архив қорының құжаттары сақталуын және мемлекеттік есебі алынуын қамтамасыз ету;

мемлекеттік және қызметтік құпиясы бар құжаттармен жұмыс істеудің құпиялылық режимін орындау және оларды сақтау;

құжаттардың құндылығына ғылыми сараптама жасау және оларды мемлекеттік сақтауға іріктеп алу, архив қорларының ақпараттылығын ұтымдылау;

ерекше құнды құжаттардың таспалар мен қағазға түсірілген микрофотокөшірмелері мен компьютерлік дискеттерінің сақтық қорларын жасау;

архив қорларына ғылыми-анықтамалық аппаратты әзірлеу және оны дамыту; тақырыптық және әлеуметтік-құқықтық сұрау салуларды орындау;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Президент пен Әкімшілігі Басшысының және Әкімшіліктің Жалпы бөлімінің нұсқауы бойынша анықтамалық-ақпараттық жұмысты орындау үшін автоматтандырылған іздестіру жүйесін құру; <*>

Қазақстан Республикасы Президентінің, Президент пен Әкімшілігі Басшысының және Әкімшіліктің Жалпы бөлімінің тапсырмасы бойынша Архив құжаттарымен ақпараттық талдау жұмысын жүргізу; <*>

Архив құжаттары жан-жақты пайдаланылуын ұйымдастыру және оларды ғылыми жариялау, анықтамалық-ақпараттық басылымдарды әзірлеу; <*>

өз бағытындағы құжаттармен жұмыс жасауда республиканың мемлекеттік архивтеріне әдістемелік көмек көрсету;

облыс әкімдерінің архивтері мен құжаттама қызметтеріне ғылыми-әдістемелік және практикалық көмек көрсету; <*>

Қазақстан Республикасының архивтер мен құжаттама бас басқармасы бекіткен тақырып бойынша архивтану, құжаттаматану, археография, қосалқы тарихи пәндер саласында ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыс жүргізу; <*>

ғылыми мекемелермен бірлесіп Қазақстанның Қазіргі тарихының проблемалары бойынша зерттеулер және ғылыми-теориялық конференциялар өткізуге, сондай-ақ осы заманғы политология мәселелерін әзірлеуге қатысу. <*>

Ескерту. 4-тармақтың екінші, тоғызыншы, оныншы абзацтарынан сөздер алынып тасталған - Қ.Р. Президентінің 30 қарашадағы 1994 ж. N 1965 өкімімен.

Ескерту. 4-тармақтың 2,9,10,11,13,14 абзацтарына өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.22. N 2716 өкімімен.

5. Архивтің:

Қазақстан Республикасының Президенті мен Әкімшілігі басшылығының нұсқауларын және Қазақстан Республикасының Архивтер мен құжаттама бас басқармасының архив ісін дамытудың негізгі бағыттары жөніндегі қолданылып жүрген мақсатты кешенді бағдарламаларын ескере отырып Архивтің жұмыс жоспарларын дербес әзірлеп, бекітуге; <*>

белгіленген тәртіп бойынша архивтермен, ғылыми және басқа мекемелермен, ұйымдармен, кәсіпорындармен ғылыми және іскерлік ынтымақтастықты жүзеге асыруға, басқа мемлекеттер Президенттерінің бір бағыттас архивтерімен ақпарат алмасуға;

қорларды қалыптастыру, сараптама жүргізу, талдау, анықтамалық және басқа құжаттарды жасау мәселелері бойынша консультация алысу үшін уағдаластық негізде ғалымдар мен мамандарды тартуға;

Қазақстан Республикасының Президенті мен Әкімшілігінің тиісті

құрылымдық бөлімшелерінен және басқа ұйымдардан қажетті архив құжаттарын, сондай-ақ анықтамалық, талдаулық және статистикалық материалдар алуға; <*>

Қазақстан Республикасының Президентіне және Президент пен Министрлер Кабинетінің Әкімшілігіне қажетті анықтамаларды және құжаттардың көшірмесін мемлекеттік, ведомстволық архивтерден сұратып алуға; <*>

қажет болған жағдайда Архивтің бағытындағы архив қорларын, коллекцияларды, сондай-ақ жекелеген құжаттарды ақы төлеп азаматтардан және заңды тұлғалардан сатып алуға; <*>

нысаналы пайдалануға арналған құжаттарды анықтау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін заңды және жеке тұлғалармен шарт жасасуға, белгіленген тәртіппен бекітілген преysкуранттарда көзделген бағалар мен тарифтерді, ал олар болмаған жағдайда уағдаластық бағаларды пайдаланып ақылы қызмет көрсетуге құқығы бар. <*> <*>

Ескерту. 5-тармақтың екінші, бесінші, алтыншы абзацтарына өзгерістер енгізілген - Қ.Р.Президентінің 30 қарашадағы 1994 ж. N 1965 өкімімен.

Ескерту. 5-тармақтың 2,5,6,7, 8 абзацтарына өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.22. N 2716 өкімімен.

6. Архивтің ұйымдық құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Әкімшілігінің Басшысы бекітеді. <*>

Архивті Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын директор басқарады. Басқа басшы қызметкерлерін Архив директоры Қазақстан Республикасының Президенті мен Әкімшілігі Жалпы бөлімінің келісуі бойынша тағайындайды. <*> <*>

Архив директоры:

Архивтің қызметіне басшылық етеді, Архивке жүктелген міндеттердің орындалуы, тәртіптің жай-күйі, құжаттарды және құпиялықты сақтау режимінің қамтамасыз етілуі, пайдаланылуы үшін дербес жауап береді; <*>

өз құзыры шегінде бұйрықтар шығарады, Архивтің құрылымдық бөлімшелерінің жұмыс тәртібін анықтайды, қызметкерлер алуды және оларды қызметтен шығаруды, штат кестесі мен еңбекке ақы төлеу қорының шегінде лауазымдардың атын өзгерту жөнінде Архивтің штат кестесіне өзгертулер енгізеді, Архивтің мүлкіне билік етеді; <*>

түрлі ұйымдарда Архивтің өкілі болады және оның атынан сөз сөйлейді; <*>

Архив қызметін жетілдіру жөнінде Қазақстан Республикасы Әкімшілігінің Басшысына ұсыныстар енгізеді. <*>

Ескерту. 6-тармақтың бірінші, екінші абзацтарынан сөздер алынып тасталған - Қ.Р. Президентінің 30 қарашадағы 1994 ж. N 1965 өкімімен.

Ескерту. 6-тармақтың 1,2,4,5,6 абзацтарына өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.22.N 2716 өкімімен.

7. Архивте ғылыми кеңес, ғылыми-әдістемелік және сарапшы-тексеруші комиссия, құжаттарды құпиялықтан шығару жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Комиссиялардың құрамын Архив директоры бекітеді.

8. Архив заңды ұйым болып табылады, тікелей бюджеттің қаржыландыруында тұрады, банкте есеп айырысу, арнаулы және валюталық шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі, құпия құжаттарды қабылдап алуға, архив құжаттарының көшірмесін растауға арналған мөрі болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК